

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы «5» ақпандағы
№ 51 бұйрығына 17-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 562 -қосымша

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Танымдық әрекеттерін түзету» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 0-4 сыныптары үшін «Танымдық әрекеттерін түзету» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарлама мақсаты – танымдық білік пен танымдық үдерістерді құрайтын, танымдық дағдылар мен біліктіліктердің негізгі кешенін қалыптастыру.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) білім алушыларда перцептивті іс-әрекеттерді орындауға қажетті біліктілікті қалыптастыру арқылы қоршаған болмыстың нақты толыққанды бейнесін қалыптастыру;

2) мнемикалық операцияларды орындау дағдыларын қалыптастыру арқылы қоршаған әлем туралы әсерлерді жинақтауға және тәжірибені сақтауға ықпал жасау;

3) ақпаратты өңдеу және түсіну процесін, тиісті жағдайда білімді, іскерлікті және дағдыларды жалпылау және қолдану процестерін, талдаудың ақыл-ой іс-әрекеттерін, елеулі белгілерді, салыстыруды, топтастыруды, қорытуды, сериалауды, нысандар арасындағы өзара байланыс пен өзара қарым-қатынасты орнату арқылы қалыптастыру;

4) әртүрлі ақпаратты өңдеу және сақтау тетіктерін және басқа адамдармен алмасу процестерін қажетті сөйлеу дағдыларын қалыптастыру арқылы дамыту;

5) сабақтарына қызығушылықты, басқа білім алушылар мен ересектермен өзара іс-қимыл жасай білуді дамыту.

2 - тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

4. Түзету жұмысын ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері арнайы білім беру қағидаларына негізделіп, білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға негізделеді.

5. Оқытудың компенсаторлық-дамытушылық бағыты оқу іс-әрекетінің арнайы әдістерімен және тәсілдерімен қамтамасыз етіледі, ескеріледі: ойлау процестерінің инерттілігі, танымдық белсенділігінің төмендігі, жалпылама және абстракты ойлау функциясының әлсіздігі, сөйлеу дамуының кешеуілдеулігі.

6. Білім алушылармен жұмыс барысында олардың еліктеушілігіне, көрнекі-әрекеттік ойлаудың сақталған мүмкіндіктеріне сүйенеді.

7. Танымдық әрекеттерін түзету сабақтары білім алушылардың қабылдау, есте сақтау, сөйлеу тілі, ойлау сияқты психикалық функцияларын дамытып, бастаған жұмысты аяғына дейін жеткізу, қиындықтарды жеңу, ұқыптылық пен дербестікті көрсету біліктілігін қалыптастырады.

8. Оқытудың әлеуметтік-бейімдеу бағыты тұлғаның әлеуметтік бейімсізденуін еңсеруді немесе азайтуды көздейді; сондай ақ мінез-құлық нормаларын, өмірлік қарым-қатынастық, гигиеналық; тұрмыстық және әлеуметтік дағдыларының қалыптасуына ықпал жасайды.

9. Ойлау, тіл және коммуникация дамуының біртұтастық қағидасы сөйлеу тілінің негізіндегі қарым-қатынастың үнемі дамуын қарастырып, сөздік-логикалық ойлау қабілетінің қалыптасуы мен мінез-құлығының реттелуіне әсерін тигізеді.

10. Іс-әрекеттік тәсіл педагогтың жетекшілігімен орындалатын оқушылардың заттық-тәжірибелік, ойын, бейнелеу, қолданбалы әрекетін кеңінен қолдануды және орындаған әрекеттерін айтып отыруды көздейді, ал ол өз бетінше, білім алушылардың жоғары психикалық функцияларының дамуына және өмірлік тәжірибесінің жинақталуына ықпал етеді.

11. Жеке тәсілі және саралап оқыту қағидасы оқу материалын меңгеру кезінде байқалатын білім алушылардың вариативті типологиялық ерекшеліктерімен байланысты болады және олардың білім, білік, дағдылардың меңгеруінің сапасына әсер етеді.

12. Саралап оқыту барысында мұғалім білім алушылардың түрлі типологиялық топтары үшін оқу материалының әр түрлі көлемі мен күрделілігін, білім алушылардың оқу тапсырмаларын орындау дербестік дәрежесін, көрнекі-дидактикалық материалдардың түрлерін қолданады.

13. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау тек ішкі бағалаумен жүзеге асады.

14. Деңгейлік мақсаттарға сәйкес әзірленген тапсырмалар мен жаттығулар бағалаудың құралы болып есептеледі.

15. Оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру нәтижелерін тікелей

мұғалім бағалайды, жүйелі түрде бақылау-бағалау әрекеттерін жүзеге асырады.

16. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың нәтижелілігін бағалау ағымдық (сабақ бойынша), кезеңдік (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде іске асырылады.

17. Ағымдық бақылау оқытудың мазмұны мен әдістерін дұрыс таңдау мақсатында жүргізіледі; педагог сабақта білім алушылардың қызметін бақылауды, практикалық және дербес жұмыстарды, ұжымдық қызмет түрлерін талдауды пайдаланады.

18. Кезеңдік (тақырыптық) бақылау әр типологиялық топтағы білім алушылардың оқу материалын меңгерудегі түрлі мүмкіндіктері ескеріле отырып, тақырыптың, тараудың аяғында жүргізіледі.

19. Әр білім алушының оқу жетістіктері мен даму динамикасын талдау мақсатында тоқсанның, жылдың аяғында қорытынды бақылау жүргізіліп, жетістіктері оқу картасына енгізіледі.

3 - тарау. «Танымдық әрекеттерін түзету» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

20. «Танымдық әрекеттерін түзету» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 0 - сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 32 сағатты;
- 2) 1 - сыныпта - аптасына 1 сағат, оқу жылында 33 сағатты;
- 3) 2 - сыныпта - аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;
- 4) 3 - сыныпта - аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;
- 5) 4 - сыныпта - аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

21. Бағдарламаның мазмұны келесідей бөлімдерді қамтиды:

1) «Сенсорлық процестерді және кеңістікті бағдарлауды дамыту» бөлімі;

2) «Қимыл – қозғалысын дамыту» бөлімі;

3) «Зиятын дамыту» бөлімі.

22. «Сенсорлық процестер мен кеңістіктік бағдарлауды дамыту» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) естіп қабылдауын дамыту;

2) көріп қабылдауын дамыту;

3) кеңістік бағдарлауды дамыту;

4) заттардың әртүрлі қасиеттерін қабылдауды дамыту.

23. «Қимыл-қозғалысты дамыту» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) ұсақ моториканы дамыту;

2) кинестетикалық қабылдауды дамыту.

24. «Зиятын дамыту» бөлімі келесідей бөлімшені қамтиды:

1) есте сақтауы мен ойлауды дамыту.

25. 0-сыныпқа арналған «Танымдық әрекеттерін түзету» пәнінің базалық мазмұны:

1) естіп қабылдауды дамыту: сөйлеу тілі, табиғи, тұрмыстық, музыкалық дыбыстарды ажырату, таныс адамдардың (ата-аналардың, жақындардың, достардың) дауыстарын тану; дыбысталу көзін анықтау; ойыншықтардың дыбысталу сипаты бойынша бірден ерекшеленетін дыбыстарды екіден таңдау кезінде есту арқылы ажырату; әртүрлі дыбысталуды ажырату және оларды нысандармен (ойыншықпен, суреттермен) салыстыру; музыкалық ойыншықтардың дыбысталуының басы мен соңына ден қою; дыбысталудың оқшаулануын анықтау; қарапайым ырғақты дыбысты ойнату;

2) көріп қабылдауды дамыту: адамның тұлғасына, қозғалмайтын жарық беретін затқа, білім алушының қарама-қарсы орналасқан қозғалмайтын затқа, оның оң және сол жақтарында; үлгі бойынша түстерді таңдау; үлгісі бойынша түсі күрт ерекшеленетін заттарды таңдау (2 қарама-қарсы түсті); тегіс геометриялық пішіндерді (шеңбер, шаршы), еліктеу бойынша көлемді геометриялық фигураларды (шар, текше) саралау; еліктеу бойынша көлемді пішіндер құрастыру; үлгі бойынша таныс заттарды таңдауды күрт ерекшеленуі бойынша жүзеге асыру; көлемді геометриялық пішіндерді (шар, куб) қораптың тиісті тіліктерін итеру, көлемі бойынша қарама-қарсы шамалардың екі затын ажырату (үлкен, кішкентай); сынама әдісімен шаманы есепке ала отырып матрешка, пирамида жинау; заттарды басып алу (қолмен, саусақпен); сыныптастардың жеке заттары мен өз заттарын танып білу, нысандарды көлемі бойынша (заттарды өзара; екі баланың, ересек адамның және білім алушының өсуі бойынша) салыстыра білу;

3) кеңістікте бағдарлауды дамыту: дене бөліктерін (бет, дене) ажырату; еліктеу бойынша кеңістікте берілген бағытта қозғалыс (алға, артқа); педагогтің көмегімен және өз бетінше мектеп үй-жайында бағдарлау; еліктеу бойынша кеңістіктік қатынастарды жаңғырту;

4) заттардың әр түрлі қасиеттерін қабылдауды дамыту: іс-әрекеттің әр түрлерінде тактильдік-қимылдық сезімталдықты қолдану: саздан, пластилиннен, қамырдан мүсіндеу; саусақпен сурет салу; ірі мозаикамен ойнау; ұсақ заттарды сұрыптау; заттарды сезу, саусақпен олардың контуры бойынша айналдыру; екіден таңдау кезінде көлемді фигуралар мен заттарды үлгіге сәйкес анықтау; Тамақ өнімдерінің дәмін (алма, нан, кәмпит) анықтау; сөйлеу немесе ымдау арқылы таңдау жасай алу, иістерге жауап қайтару;

5) ұсақ моториканы дамыту: жұдырықты жұму және қысу, саусақтарды бұғу және жазу; саусақтардың ұшымен үстел бойынша домалату; еліктеу бойынша алақанмен (ритм, саны бойынша) шапалақтау; саусақтардан әр түрлі фигураларды жасау; бауға түймелерді, ірі моншақтарды өткізу; заттарды: бұршақтарды, үрме бұршақтарды сорттау; жарманы орау; түймелерді, замоктарды, кнопкаларды, ілгектерді ілу және ашу;

6) кинестетикалық қабылдауды дамыту: түрлі материалдармен (ағаш, металл, су) жанасуына, түрлі эмоционалды-қимыл арқылы қалыпты жауап қайтара білу, қозғалыс жылдамдығын (тез-баяу) ажырату; жануарлардың әрекетіне ұқсас қимылдар жасау; түрлі музыкалық аспаптарда ойнау; түрлі

тәсілдер арқылы вербалды емес (мимика, пантомимика) қарым-қатынасты меңгеру;

7) жады мен ойлауды дамыту: 5 суреттен тұратын суреттің қатарын жады бойынша жаңғырту; ойындар мен жаттығулар процесінде шаманың параметрлерін ажырату; заттардың көлемін жады бойынша мүсіндеу; таныс адамдарды фотосуреттерде тану, бірдей заттарды таба білу.

26. 1-сыныпқа арналған «Танымдық әрекеттерін түзету» пәнінің базалық мазмұны:

1) естіп қабылдауды дамыту: екі немесе үш дыбыстардың ішінен (барабан, дудка, бубен) таңдау кезінде шулы және музыкалық аспаптардың дыбыстарын ажырату; әуеннің сипатын саралау (көңілді, қайғылы); қоршаған орта дыбыстарына еліктеу; дыбысталу қарқынын есту арқылы ажырату; шапталақтау, ұрғылау арқылы дауытап буындарды айта отырып дыбысталатын ойыншықтарда ойнау; үш-бес дыбысты таңдауда шулы және музыкалық аспаптардың (сыңғыр, барабан, дудка, қоңырау, бубен, гармошка, қасықтар) дыбысталуды ажырата білу;

2) көріп қабылдауды дамыту: бағдарлауда іздеу тәсілдерін қолдану; заттарды мақсатты бағыттала қарау, жоспарлы түрде бақылау: нысандардың негізгі элементтерін, бөлшектерін, жақын орналасқан (тігінен, көлденеңінен, шеңбер бойымен, алдыға/артқа), қозғалыста тұрған заттарды көру арқылы бақылау; негізгі түстерді (қызыл, жасыл, көк) ажырата алу; қоршаған ортада таныс түстерді таба алу; геометриялық көлемді пішіндерді (шар, шаршы, пирамида) ажырата алу; шаманы (үлкен, кішкентай, ең үлкен) ажырата алу, жаттығулар мен ойындар процесіндегі шама параметрлерін анықтау; үш затты көлемі бойынша салыстыру (үлкен, кіші, ең кіші); заттарды оның бейнесімен салыстыра білу; заттарды сұрау бойынша және өз бетімен тану (заттарды қимылмен, көзбен көрсету), нақты заттарды және олардың алмастырғыштарын-ойыншықтарды саралау;

3) кеңістікте бағдарлауды дамыту: дене бөліктерінің кеңістікте орналасуында, заттардың өз денесіне қатысты орналасуында бағдарлану; үлгі бойынша жазық және көлемді заттарды тік және көлденең бағытта орналастыру; суреттің бөлігін бояу; оң және сол қолды ажырата білу; үлгі бойынша кеңістіктік қатынастарды қайта жаңғырту;

4) заттардың әр түрлі қасиеттерін қабылдауды дамыту: бағдарлауда іздеу тәсілдерін қолдану: сипау, тексеру; үлгі бойынша көлемді заттың жұбын сипап сезу арқылы таңдау; сұйық және қатты тағамның (ыстық, суық) контрасты температуралық режимдерін ажырату; заттарды салмағы бойынша ажырату (ауыр - жеңіл), тыныс алуды саралау (мұрын демі – ауыз қуысы); иістерді ажырату (жағымды және жағымсыз); өнімдерді дәміне қарай тану; өнімдердің негізгі дәмдік сапасын (ащы, тәтті, қышқыл, тұздалған және т. б.) ажырата білу;

5) ұсақ моториканы дамыту: бір қозғалыстан екінші қозғалысқа бірқалыпты ауысу; таяқшалардан заттардың контурын жасау; пластилиннен жапсыру; трафареттерді штрихтеу; шектеулі кеңістікте түсірілген нүктелер

бойынша кескінді контуры бойынша сызу; түрлі музыкалық аспаптарда (пианино, барабан, гитара, труба) ойнауды ұқсатып келтіру;

б) кинестетикалық қабылдауды дамыту: бағдарлауда іздеу тәсілдерін қолдану: сезіну, тексеру; нысандардан шығатын діріл, температура, денеге түсетін қысым, дененің түрлі бағыты (тік, көлденең) бойынша әр түрлі материалдармен жанасуда қалыпты жағдайда бола білу; қарқынды (тез - баяу) ажырату және жаңғырту; қимыл мен қалпын («Айна» сияқты ойындар арқылы) жаңғырту; жануарлардың қимыл-қозғалысын, қалпын және әрекеттерін ұқсатып келтіру;

7) есте сақтау мен ойлауды дамыту: бірқатар сөздерді қайталау (бес-жеті сөз); үлгі бойынша таныс заттарды, түсі - доминантты белгісі бойынша күрт ерекшеленетін заттарды таңдау (үш қарама-қарсы түсті); қарама-қайшылықтарды саралау (тыныш - шу, алыс - жақын); айқын көрінген белгілерімен (түсімен, формасымен, көлемімен) ерекшеленетін заттар мен объектілерді салыстыру (екі-үш); заттарды бір берілген белгі бойынша топтау-нысаны, шамасы немесе түсі бойынша; ойыншықтар мен суреттердің берілген орналасуын жаңғырту.

27. 2-сыныпқа арналған «Танымдық әрекеттерін түзету» пәнінің базалық мазмұны:

1) естіп қабылдауды дамыту: дыбысты шулы және музыкалық аспаптардың дыбысын (сылдырмақ, барабан, дудка, қоңырау, бубен, гармошка, қасықтар) үш-бес дыбыстардың ішінен ажырату; дыбыстар санын есту арқылы ажырату: біреу - көп; музыкалық ойыншықтарда ойнау; құстар мен жануарлардың дауыстарын (пластинкаларды) тыңдау кезінде есту арқылы ажырату (екіден-үш дыбысты таңдағанда); сөзден дыбысты бөлу; белгілі бір әріптерден сөз құрастыру (кесілген әріптер); берілген дыбысқа сөздерді таңдау;

2) көріп қабылдауды дамыту: бағдарлауда іздестіру тәсілдерін қолдану: жоспарлы бақылау; жылжымалы қашықтағы объектілерді көру арқылы қадағалау; заттардың жұптарын табу; заттардың негізгі түстерін (төрт түсті) үлгі бойынша, сөз бойынша бөлу; түс қатарының кезектілігін көшіру; заттардың түсі бойынша үлгі бойынша біріктіру; заттарды үлгі бойынша нысан бойынша біріктіру; заттарды үлгі бойынша өлшем бойынша біріктіру; затты оның жеке бөліктері бойынша тану; заттардың негізгі элементтері мен бөліктерін ажырату; заттарды олардың бейнесімен сәйкестендіру; суреттің жетіспейтін бөліктерін салу; суреттерді бояу;

3) кеңістікте бағдарлауды дамыту: дененің бөліктерін (кірпік, тері, шаш, тырнақ) ажырату; тігінен тұрған заттар мен олардың бөліктеріне байланысты (үстінде, астында, жоғарғы, төменгі, алыс-жақын) қатынасын ажырата білу; өз денесіне қатысты кеңістіктегі бағытты анықтау; берілген пәшәндерді әр түрлі тәсілдермен жаңғырту (кесу, сурет салу, қою);

4) заттардың әр түрлі қасиеттерін қабылдауды дамыту: бағдарлауда іздеу тәсілдерін қолдану: сезу, тексеру, үтіктеу, шаю, созу, сығу; әр түрлі өнімдердің қасиетін (сұйық, қатты, тұтқыр, сусымалы) анықтау; үлгі бойынша көлемді

затты сипап сезу арқылы табу; үлгі бойынша заттардың көлемі мен пішінін сипап сезу арқылы ажырату; әр түрлі заттардың қарама-қарсы температурасын, заттардың қасиеттерін (жұмсақ, қатты, тегіс, жүнді) ажырату;

5) ұсақ моториканы дамыту: бір статикалық қалыптан екіншісіне ырғаққа өту (алақан – жұдырық); тұрмыста және сабақта нақты қимыл-қозғалысын дамыту (байлау, шешу, жабу); тік, көлденең және көлбеу сызықтармен үлгі бойынша штрихтеу; трафареттерді бастыру; шектеулі кеңістіктегі жапсырылған нүктелер бойынша кескінді контуры бойынша бастырып шығу;

6) кинестетикалық қабылдауды дамыту: бағдарлауда іздеу тәсілдерін қолдану: сезіну, тексеру; фактураларды және тұтқырлықты тану және атау; табиғи құбылыстарды (жаңбыр, жел) имитациялай білу, қозғалыстағы бұйрықты түсіну және орындау;

7) жады мен ойлауды дамыту: нысандар арасындағы себеп-салдар байланыстарын анықтау (сюжеттік суреттер, оқиғалар); буындардың, ырғақтардың, сөздердің қайта жаңғыртылуы; тұтас – бөлік өзара қарым-қатынас орната білу; айқын көрінген белгілерімен (түсімен, формасымен, көлемімен, бөлшектерінің санымен, жеке бөліктердің орналасуымен) ерекшеленетін заттар мен объектілерді салыстыру (екі-төрт); суреттердің берілген қатарына қайта жаңғырту.

28. 3-сыныпқа арналған «Танымдық әрекеттерін түзету» пәнінің базалық мазмұны:

1) естіп қабылдауды дамыту: дыбыссыз дыбыстарды дыбыс қаттылығы бойынша (қатты - тыныш), ұзақтығы бойынша (ұзақ - қысқа) ажырату; дыбыстардың санын ажырату және қайта шығару; дыбыстың сипаттамаларын өз бетінше бөлу; шулы сипаты бойынша әртүрлі дыбыстарды ажырату; шуылға эмоционалды әрекет ету: қолмен қатты және жағымсыз шуылдан қорғай білу, қуанышты мимикамен, есту топтамасымен, жағымды дыбыстарға сәйкес қимылдармен жауап беру;

2) көріп қабылдауды дамыту: заттарды мақсатты түрде қарастыра білу (көзбен тексеру); заттарды жапсыру және үлгі бойынша құрастыру кезінде түстерді кезектестіру; түстерді әрекетке сигнал ретінде пайдалану; түрлі түсті және өлшемдегі жазық геометриялық фигураларды ажырату;

3) кеңістікте бағдарлауды дамыту: дене бөліктерінің орналасуын талдау; қарама - қарсы тұрған адамның денесінде бағдарлау: өзінде және адамда дененің бөліктерін көрсету; «мынау – анау», «алыс - одан әрі, жақын-жақынырақ» нысандардың орналасуын ажырату; нысандар арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды олардың кеңістіктік орналасу белгісі бойынша анықтау; қағаз бетінде бағдарлай білу; үлгі бойынша бірнеше заттардың кеңістіктік қатынастарын, ауызша нұсқауды, үлгі бойынша жаңғырту; үлгі бойынша 6-8 бөліктен пәндік суреттер, сюжеттік суреттер жасау, таныс шығарма бойынша сюжеттік суреттердің бірізділігін анықтау;

4) заттардың әртүрлі қасиеттерін қабылдауды дамыту: әр түрлі заттардың ауырлығын ажырату (мақта, шегелер, кесектер); тыныс алуды саралау (мұрын

демі – ауыз қуысы); қарама-қарсы иістерді ажырату (гүлді, цитрусты, қылқан жапырақты, ванильді, кофе); таныс және бейтаныс заттарды сезу (көру үлгісі бойынша);

5) ұсақ моториканы дамыту: бейнелерді әрі қарай жалғастырып салу; жол шегінде тік, көлбеу, сынған сызықтардан тұратын жиектастарды, ырғақты ою-өрнектермен салу; әртүрлі конфигурациялы толқынды желілерді, көлбеу түзу және пунктирлік сызықтарды, берілген бағыттағы көлденең желілерді кеңістікте шектеусіз, шектеулі кеңістіктегі сызықтарды бағытын өзгерте отырып, жүргізу;

6) кинестетикалық қабылдауды дамыту: жануарларды, ертегі кейіпкерлерін, мультфильмдер мен фильмдердің кейіпкерлерін ұқсатып келтіру; қалпы мен қозғалысын жаңғырту («Айна» түріндегі ойындар); суреттегі іс-әрекетті нақты әрекетпен сәйкестендіру; босаңсыту, бұлшық ет қыспақтарынан босату, кернеуді түсіру, эмоциялық босату элементтерін меңгеру;

7) жады мен ойлауды дамыту: берілген суреттердің қатарын, ойыншықтар мен суреттердің берілген орналасуын жаңғырту, бірқатар символдарды (әріптер, сандар) жаңғырту; бірізділік қатынасын орнату: алдымен – содан кейін; орындалған тапсырманы үлгімен салыстыру; ойындар мен жаттығулар процесінде мән параметрлерін заттармен, жазық фигуралармен, суреттермен және ұсыным бойынша ажырату; негізгі элементтерді, бөлшектерді ажырату; заттық 2 суретте айырмашылықтарды табу; себеп-салдар байланыстарын (сурет, суреттер сериялары, мультфильмдер, мәтін) анықтау; іс-әрекеттерді, қозғалысты жаңғырту; әңгімелеу үшін жоспар құру, затты қолдан жасау; берілген сөздер қатарын (бесеуаралығында) жаңғырту.

29. 4-сыныпқа арналған «Танымдық әрекеттерін түзету» пәнінің базалық мазмұны:

1) естіп қабылдауды дамыту: Ерлердің, әйелдер мен балалардың дауыстарын ажырату; музыкалық аспаптардың дыбысталуын ажырату;

2) көріп қабылдауды дамыту: үлгі бойынша 6-10 бөліктен тұратын пәндік суретті құрастыру; пішіннің, түстің, шаманың белгілеріне қарай ажырату; түстің әрекетке сигнал ретінде (бағдаршам) пайдалану; заттардың пішінін геометриялық пішінмен сәйкестендіру; негізгі түстердің реңктерін ажырату; ойылған суреттерді, толық емес бейнесі бар суреттерді, жетіспейтін белгілері бар суреттерді тану; адамның эмоциялық жағдайын сурет, фотосурет бойынша анықтау; суретте таныс және бейтаныс адамдарды сәйкестендіру және сипаттау; 2 сюжеттегі суреттердегі айырмашылықты табу; шаманың параметрлері бойынша сериялық қатарды орнату;

3) кеңістікте бағдарлауды дамыту: суреттерде кейіпкердің қандай қолмен әрекет ететінін, қандай жағынан тұратынын анықтай білу; заттардың, объектілердің кеңістіктік қатынастарын схема, сөздік Нұсқаулық жоспары бойынша жаңғырту, объектілердің өзара орналасуын бағалау үшін сылтауларды пайдалану; объектілердің өзара орналасуын сипаттау; объектілердің қатар

орналасуын кеңістіктік талдауды орындау;

4) заттардың әр түрлі қасиеттерін дамыту: материалдарды сипаттау бойынша (температура, фактура, ылғалдылық, тұтқырлық) ажырата білу, заттардың, объектілердің, заттардың қасиеттерін сөзбен атай білу;

5) ұсақ моториканы дамыту : фигураларды, ою-өрнектерді үлгі бойынша салу; бояуды, штриховкаларды, контуры бойынша, нүктелері бойынша жиектеуді орындау; суреттерді үлгі бойынша салып бітіру; иірім жіпті байлау, ілмектеу, банттарды, бауларды, лентаны байлау;

б) кинестетикалық қабылдауды дамыту : елестететін заттармен әрекет ете білу; бет пен дененің әртүрлі ұсақ бөліктерінің (көз, ауыз, саусақтар) статикалық және динамикалық қалпын ажырату; әртүрлі тәсілдермен вербалды емес қарым-қатынастарды (мимика, пантомимика) көрсете білу; меңгерілген элементтерден жиектастарды салу;

7) жады мен ойлауды дамыту: бірқатар таңбаларды (әріптерді, сандарды), берілген сөздер қатарын (5-10 шегінде) қайта жаңғырту, тыңдалған сөйлеу материалын (фразаларды, қысқа мәтінді, екі жақты мәтінді) қайта жазу; орындалған тапсырманы: дұрыс, тез, жақсы, әдемі бағалау; тапсырманың өз орындалуын бақылай білу; объектілерді түсі бойынша жіктеу, нысандарды түсі бойынша сериялау (реңк қатарын белгілеу;) түсті қатарда заңдылықтарды орнату; нысаны, көлемі бойынша сериялау; заттардың ерекше қасиеттері бойынша жіктеу; сипаттама бойынша нысандарды тану; заттардың, сызықтардың жазықтықта орналасуында заңдылықтарды орнату.

30. Бағдарламадағы оқу материалының орналасуы үлгілік болып табылады, білім алушылардың ерекшешіктерін ескере отырып мұғалім бағдарламалық материалды өз бетінше үйлестіре алады (тоқсаннан тоқсанға, сыныптан сыныпқа). Мұғалім әр тақырыпты оқыту үшін қажетті сағат санын дербес анықтай алады.

4 - тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

31. Оқу бағдарламасында әрбір бөлімнің оқу материалының мазмұны мен бірізділігін анықтау үшін негіз болатын, сондай-ақ білім алушылардың жетістіктерін бағалау критерийлері болып табылатын, оқыту мақсаттары жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелер көрсетілген.

32. Бағдарламада оқу мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар – бөлімшенің, төртінші сан - оқу мақсатының реттік санын білдіреді Мысалы, 1.1.2.4 кодталуында: «1» – сынып, «1.2» – бөлімше, «4» – оқу мақсатының реттік саны.

33. Оқыту мақсаттарының жүйесі бойынша күтілетін нәтижелер:

1) «Сенсорлық процестерді және кеңістікте бағдарлауды дамыту» бөлімі:
1-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0 - сынып	1 - сынып	2 - сынып	3 - сынып	4 - сынып
1.1 Естіп қабылдауын дамыту	0.1.1.1 сөйлеу тілі, табиғи, тұрмыстық және музыкалық дыбыстарды ажырату; 0.1.1.2 таныс адамдардың (ата-аналар, жақындар, достар) дауыстарын ажырату; 0.1.1.3 шыққан дыбыстың орналасуын анықтау; 0.1.1.4 2 ойыншықтың ішінде күрт ерекшеленетін дыбысты ажырату; 0.1.1.5 нысанды (ойыншық, сурет) сәйкестендіруді және дыбысына еліктей отырып ажырату;	1.1.1.1 2-3 (барабан, дудка, бубен) шулы және музыкалық дыбысталтын аспаптарды ажырату; 1.1.1.2 қоршаған орта дыбыстарына еліктей отырып әуен сипатын (көңілді, қайғылы) ажырату; 1.1.1.3 есту арқылы дыбыс қарқынын ажырату; 1.1.1.4 дыбысталған ойыншықтармен бірге буындарды айту, шапалақтау, тарсылдатуды ойын түрінде жаңғырту; 1.1.1.5	2.1.1.1 2-3 (сылдырмақ, барабан, дудка, бубен, гармошка, қасықтар) шулы және музыкалық дыбысталтын аспаптарды ажырату; 2.1.1.2 дыбыстарды есту арқылы санын : бір-көп ажырату; музыкалық ойыншықтарда ойнау; 2.1.1.3 құстар мен жануарлардың (2-3-ін таңдау кезінде) дауысын (пластинкаларды) тыңдау кезінде есту арқылы ажырату; 2.1.1.4 сөздің	3.1.1.1 дыбыс деңгейіне қарай (қатты-тыныш) дыбыссыз дыбыстарды дауыстап ажырату; 3.1.1.2 ұзақ уақытына қарай (ұзақ-қысқа) сөйлеу тіліне жатпайтын дыбыстарды ажырату; 3.1.1.3 дыбыстар санын ажырату және ойнату; 3.1.1.4 дыбыстың сипаттамасын өз бетінше белгілеу, сөздегі дыбыс орнын анықтау; 3.1.1.5 сипаты әртүрлі шулы	4.1.1.1 1-2 дыбыстарымен ерекшеленетін сөздерді салыстыру; 4.1.1.2 сөздегі дыбыстардың ретін анықтау; 4.1.1.3 сөздің 1-2 дыбысын ауыстыру арқылы жаңа сөздерді құрау; 4.1.1.4 сөздегі дыбыстардың санын анықтау; 4.1.1.5 берілген дыбыстардан сөздерді құрастыру; 4.1.1.6 ерлер, әйелдер, балалар дауыстарын ажырату; 4.1.1.7 музыкалық аспаптардың дыбысын ажырату

	0.1.1.6 музыкалық ойыншықтардың дыбысталуының басы мен соңына жауап қайтару; 0.1.1.7 қарапайым ырғақты ойнату	танымал әуендер мен әндерді білу	ішінен дыбысты белгілеу; 2.1.1.5 әріптердің (қиылған әліппе) белгілі бір санынан сөздерді құру; 2.1.1.6 берілген дыбысқа сөздер табу	дыбыстарды ажырату; 3.1.1.6 шуға эмоционалды түрде: қатты және жағымсыз шуға қолмен, жағымды дыбыстарға, қуанышты мимикамен, назар қойып есту, тиісті қозғалыстармен жауап беру	
1.2 Көріп қабылдауын дамыту	0.1.2.1 адамның бетіне тура қарау; 0.1.2.2 қозғалмайтын жарық затқа тура қарау; 0.1.2.3 білім алушыға қарама-қарсы орналасқан қозғалмайтын затқа, оның оң және сол жағына тура қарау; 0.1.2.4 үлгіге	1.1.2.1 бағдарлауда іздеу тәсілдерін қолдану: мақсатты жоспарлы бақылау; 1.1.2.2 заттардың негізгі элементтері, нысанның бөлшектерінің қарастыру; 1.1.2.3 жақын орналасқан қозғалыстағы затты (көлденең,	2.1.2.1 бағдарлауда іздеу тәсілдерін қолдану: жоспарлы бақылау; 2.1.2.2 қашықтағы жылжымалы нысанға қарау; 2.1.2.3 сөз арқылы; үлгіге сәйкес заттардың жұптарын (4) табу негізгі түстерді бөлу; 2.1.2.4 түс	3.1.2.1 заттарды мақсатты түрде (көзбен тексеру) қарау; 3.1.2.2 заттарды жапсыру және құрастыру кезінде түстерді кезектестіру; 3.1.2.3 түстерді іс-әрекет сигналы ретінде пайдалану; 3.1.2.4	4.1.2.1 үлгі бойынша 6-10 бөліктен пәндік сурет құрастыру; 4.1.2.2 түстерді іс-әрекет сигнал ретінде (бағдаршам) пайдаланып пішіні, түсі мен көлемін белгі ретінде бөлу 4.1.2.3 геометрия

	<p>қарап түсті таңдау; 0.1.2.5 үлгі бойынша түсі бірден ерекшеленетін заттарды таңдау (2 қарама-қарсы түсті); 0.1.2.6 жазық геометриялық пішіндерді (шеңбер, квадрат) ажырату; 0.1.2.7 еліктеу бойынша көлемді геометриялық пішіндерді (шар, текше) ажырату; 0.1.2.8 еліктей отырып көлемді пішін құрастыру; 0.1.2.9 үлгі бойынша пішіні бойынша күрт ерекшеленетін таныс</p>	<p>тігінен, шеңбері бойынша, алға/артқа) бақылай отырып қарау; 1.1.2.4 негізгі түстерді (қызыл, жасыл, көк) ажырату; 1.1.2.5 таныс түстерді қоршаған ортада табу; 1.1.2.6 көлемді геометриялық фигураларды (шар, куб, пирамида) ажырату; 1.1.2.7 шаманы (үлкен, кішкентай, ең үлкен) ажырату; 1.1.2.8 ойындар мен жаттығулар барысында заттардың, жазық фигуралардың</p>	<p>қатарының ретін көшіру; 2.1.2.5 заттарды түсі бойынша үлгі бойынша біріктіру; 2.1.2.6 заттарды үлгі бойынша біріктіру; 2.1.2.7 заттарды көлемі бойынша салыстыру; 2.1.2.8 заттарды көлемі бойынша үлгі бойынша біріктіру; 2.1.2.9 затты оның жеке бөліктері бойынша тану; 2.1.2.10 заттардың негізгі элементтері мен бөліктерін ажырату; 2.1.2.11 заттарды олардың</p>	<p>түрлі түсті және әр түрлі өлшемдегі жазық геометриялық пішіндерді ажырату; 3.1.2.5 еліктеу, үлгі, сөздік нұсқау бойынша кеңістіктік қарым-қатынастарды ойнату; 3.1.2.6 үлгі бойынша 6-8 бөліктен тұратын суреттер құрастыру; 3.1.2.7 сюжеттік суреттерді құрастыру таныс жұмыс бойынша сюжеттік суреттердің сериясын құру; 3.1.2.8 ұсақ бөлшектерден тұтас құрылым құру; 3.1.2.9 бейнелерде</p>	<p>ық пішіндегі заттардың пішінін салыстыру; 4.1.2.4 бояу, сызу, бастыру; 4.1.2.5 бояу, сызу, бастыру; 4.1.2.6 негізгі түстердің реңктерін ажырату; 4.1.2.7 ойластырылған суреттерді тану; 4.1.2.8 толық емес суреті бар, жеткіліксіз белгілері бар суреттерді тану; 4.1.2.9 сурет, фотосурет бойынша адамның эмоционалдық жағдайын анықтау; 4.1.2.10 суретте таныс және бейтаныс адамдарды</p>
--	---	--	---	--	---

	<p>заттарды таңдау; 0.1.2.10 көлемді геометриялық пішіндерді (шар, текше) қораптың (сынаманың) тиісті ойықтарын а итеру; 0.1.2.11 көлемі бойынша қарама-қарсы шамалары бойынша 2 затты (үлкен, кіші) ажырату; 0.1.2.12 сынамалар әдісімен шаманы ескере отырып, матрешканы, пирамиданы жинау; 0.1.2.13 үлкен затты қолмен, ал кішкентайды саусақпен ұстап алу; 0.1.2.14</p>	<p>шамасының параметрлерін ажырату; 1.1.2.9 3 затты көлемі бойынша (үлкен, аз, ең кішкентай) салыстыру; 1.1.2.10 заттардың оның бейнесімен сәйкестендіру; 1.1.2.11 заттардың өтініш бойынша және өз бетінше (затты қимылмен, көзбен көрсету) тану; 1.1.2.12 нақты заттарды, олардың орынын басатын ойыншық түрлерін білу</p>	<p>бейнесімен салыстыру; 2.1.2.12 суреттің жетіспейтін бөліктерін салу; 2.1.2.13 бояу, сызу; 2.1.2.14 бөлшектерден (таяқша) әріптен мен сандарды құрасыру</p>	<p>контурлы, штрихты, нүктелі заттарды тану</p>	<p>анықтау және сипаттау 4.1.2.11 2 сюжеттік суреттегі айырмашылықтарды табу</p>
--	---	--	---	---	--

	сыныптастардың және өзінің жеке заттарын тани білу; 0.1.2.15 нысандарды көлемі бойынша (заттарды өзара; екі баланың, ересек адамның және білім алушының бойы бойынша) салыстыру				
1.3 Кеңістікте бағдарлануын дамыту	0.1.3.1 дене бөліктерін (бет, дене) ажырату; 0.1.3.2 еліктеу бойынша берілген бағытта кеңістікте (алға, артқа) қозғалу; 0.1.3.3 педагогтің көмегімен және өз бетінше мектеп үй-жайында бағдарлану; 0.1.3.4 еліктеу	1.1.3.1 кеңістікте дене бөліктерінің орналасуын анықтай білу; 1.1.3.2 өз денесіне жататын заттардың орналасуында бағдарлану; 1.1.3.3 тік және көлденең бағытта пішін бойынша жазық және көлемді заттарды	2.1.3.1 дене бөліктерін (кірпіктер, тері, шаш, тырнақтар) ажырату; 2.1.3.2 заттар мен олардың бөліктерінің қатынасын тігінен (үстінде, астында, жоғарғы, төменгі, алысқа жақын) ажырату; 2.1.3.3 өз денесіне қатысты	3.1.3.1 анализирова ть расположен ие частей тела; 3.1.3.2 карама- карсы тұрған адамның денесінде бағдарлану: адамда дененің бөліктерін көрсету; 3.1.3.3 нысандардың орналасуын «мұнда- анда», «алыс –	4.1.3.1 карама- карсы тұрған адамның денесінде бағдарлай алу: карама- карсы тұрған адам өз денесінің бөлшектерін (оң, сол) көрсетіп атау; 4.1.3.2 суретте кейіпкер қандай қолымен әрекет етеді, ол

	бойынша кеңістіктік қатынастарды жаңғырту	орналастыру; 1.1.3.4 оң және сол қолды ажырата отырып суреттің боялмаған бөлігін бояу; 1.1.3.5 үлгі бойынша кеңістіктік қатынастарды жаңғырту; 1.1.3.6 оң және сол қолды ажырату	кеңістіктегі бағыттарды анықтау; 2.1.3.4 берілген пішіндерді әртүрлі тәсілдермен (кию, сурет салу, орналастыру) жаңғырту	жақын, жақын-жақынырақ» ажырату; 3.1.3.4 нысандардың кеңістікте орналасу белгілері мен қасиеті бойынша ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау; 3.1.3.5 қағаз бетінде бағдарлай алу	қай жағынан тұрғанын анықтау; 4.1.3.3 кеңістіктік қатынастарды сызба, сөздік нұсқау бойынша жаңғырту; 4.1.3.4 нысандардың өзара орналасуын бағалау үшін сылтауларды пайдалану; 4.1.3.5 нысандардың өзара орналасуын сипаттау; 4.1.3.6 нысандардың қатарының орналасуын кеңістіктік талдай отырып орындау
1.4 Заттардың әр түрлі қасиеттерін қабылдауды дамыту	0.1.4.1 түрлі қызмет түрлерінде тактильдік-қимыл сезімталдығын	1.1.4.1 бағдарлауда іздеу тәсілдерін қолдану: сезіну, тексеру; 1.1.4.2	2.1.4.1 бағдарлауда іздеу тәсілдерін: сезіну, тексеру, үтіктеу, шаю,	3.1.4.1 әр түрлі заттардың (мақта, шеге, бөренелер) ауырлығын ажырату;	4.1.4.1 материалдарды сипаттамалары бойынша (температура,

	<p>қолдану: саздан, пластилиннен, қамырдан мүсіндеу; саусақпен сурет салу; ірі мозаикамен ойнау; ұсақ заттарды сұрыптау; 0.1.4.2 затты сипап сезу немесе оны саусақпен контуры бойынша бастырып шығу; 0.1.4.3 2-ің ішінде таңдау кезінде көлемді пішіндермен заттарды үлгі бойынша сезіне анықтау; 0.1.4.4 азық-түлікті (алма, нан, кәмпіт) дәміне қарай анықтау; 0.1.4.5</p>	<p>үлгі бойынша көлемді затқа сипап сезу арқылы жұбын таңдау; 1.1.4.3 сұйық және қатты тағамның (ыстық, суық) контрасты температур алық режимдерін ажырату; 1.1.4.4 заттарды салмағы бойынша (ауыр-жеңіл) ажырату; 1.1.4.5 дифференциалды (мұрынмен дем алу-ауызбен дем шығару) дем алу; 1.1.4.6 иістерді (жағымды және жағымсыз) ажырату; 1.1.4.7 азық-</p>	<p>дыбыстау, сығу қолдану; 2.1.4.2 өнімнің құрылымын (сұйық, қатты, тұтқыр, сусымалы) сезіну; 2.1.4.3 үлгі бойынша көлемді затты сезу; 2.1.4.4 үлгіге сәйкес заттардың көлемі мен пішінін ажырату; 2.1.4.5 түрлі заттардың контрасты температур асын ажырату; 2.1.4.6 заттардың қасиеттерін (жұмсақ, қатты, тегіс, жүнді) ажырату</p>	<p>3.1.4.2 дифференциалды (мұрынмен дем алу-ауызбен дем шығару) дем алу; 3.1.4.3 түрлі иістерді (гүл, цитрус, қылқан жапырақты, ванильді, кофе) ажырату және атау; 3.1.4.4 таныс және бейтаныс заттарды (үлгісі бойынша) табу</p>	<p>фактура, ылғалдылық, тұтқырлығы) ажырату; 4.1.4.2 материалдардың сипаттамасын (температура, фактура, ылғалдылық, тұтқырлығы) атау; 4.1.4.3 сөйлеу немесе пантомимика арқылы иістерді таңдау кезінде қалауын білдіру; 4.1.4.4 заттардың ерекше қасиеттерін атаңыз</p>
--	---	--	---	---	---

	сөйлеу немесе қимыл арқылы (иістерге жауап беру) қалауын білдіру	түлікті дәміне қарай білу; 1.1.4.8 өнімдердің негізгі дәмдік сапасын (ащы, тәтті, қышқыл, тұздалған) ажырату			
--	--	--	--	--	--

2) «Қимыл – қозғалысын дамыту» бөлімі:
2-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары				
	0 - сынып	1 - сынып	2 - сынып	3 - сынып	4 - сынып
2.1 Ұсақ моториканы дамыту	0.2.1.1 жұдырықта рды қысу және саусақтарды бүгу және жазу; 0.2.1.2 саусақ ұшымен үстелді тоқылдату; 0.2.1.3 еліктеу арқылы (ырғақ саны) шапалақтау ; 0.2.1.4 саусақтан әр түрлі фигураларды құрастыру;	1.2.1.1 бір қозғалыста н екінші қозғалысқа бірқалыпты ауысу: таяқшадан заттардың контурын құру; 1.2.1.2 пластилиннен мүсін жасау; 1.2.1.3 трафареттерді штрихтеу; 1.2.1.4 шектеулі кеңістікте түсірілген нүктелер бойынша, контурсы	2.2.1.1 бір статикалық қалыптан екіншісіне (алақан-жұдырық) жай ырғақпен өту; 2.2.1.2 тұрмыста және сабақта нақты қозғалыста р (байлау, байлау, қату) жүргізу; 2.2.1.3 үлгі бойынша тік, көлденең және көлбеу	3.2.1.1 суретті аяқтап салу; 3.2.1.2 жол шегінде тік, көлбеу, сынған сызықтардан тұратын жиектастарды салу; 3.2.1.3 ырғақты ою-өрнектерді салу, көлбеу түзу және нүктелі сызықтардың әр түрлі конфигурациядағы толқынды	4.2.1.1 баспа әріптерінің элементтері мен конфигурациясы бойынша ұқсас пішіндер: тік, көлбеу тік таяқша, сопақша, жартылай дөңгелек, тік және көлденең жалғағыш таяқшалар салу; 4.2.1.2 осы үлгі бойынша нүктелер бойынша

	0.2.1.5 түймелер, үлкен моншақтарды бұршақтарды, үрме бұршақтарды, бұршақтарды сұрыптау, түймелер, ілгектер, түймелер бауға өткізу	бойынша кескіндерді салу; 1.2.1.5 әртүрлі музыкалық аспаптарда (пианино, барабан, гитара, құбыр) ойнауды ұқсатып келтіру	сызықтармен рамкада штрихтеу; 2.2.1.4 трафареттерді бастыру; 2.2.1.5 кескіндерді контуры бойынша, шектелген кеңістіктегі нүктелер бойынша салу	сызықтарды жүргізу; 3.2.1.4 кеңістікте шектеусіз берілген бағытта көлденең сызықтарды жүргізу; 3.2.1.5 бағытты өзгертумен шектелген кеңістікте сызықтар жүргізу	сызық жүргізу; 4.2.1.3 шектелген кеңістікте тік көлденең сызықтарды жүргізу; 4.2.1.4 үлгі бойынша суретті салу мақсатында тірек нүктелері бойынша сызықтарды жүргізу
